

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024– 2025оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: _____ Амангелді орта мектебі _

Топ/сынып

_____ Мектепалды даярлық сыныбы _____

Балалардың жасы _____ 5-6 жас _____

Жоспардың құрылу кезеңі _____ Қараша айы 2024-2025 оқу жылы _____

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша айы	<p>Дене шынықтыру 3 сағат</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.</p> <p>Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.</p> <p>Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.</p> <p>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан</p>

		<p>ұстайды).Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды:</p> <p>бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту</p>
<p>Сөйлеуді дамыту 2 сағат</p>		<p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p>
<p>Көркем әдебиет 2 сағат</p>		<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну</p>
<p>Сауат ашу негіздері 3 сағат</p>		<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>
<p>Қазақ тілі 2 сағат</p>		<p>Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары,</p>

	<p>жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.</p>
<p>Математика негіздері 3 сағат</p>	<p>Шама.</p> <p>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат</p>	<p>Көлік, байланыс құралдары.</p> <p>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау</p>
<p>Шығармашылық бейнелеу іс-әрекет 1 сағат Құрастыру Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру</p>	<p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден, оларды қосу әдісімен жануарлардың, адамдардың пішіндерін жасай білуге үйрету. Пішіндердің түрлі күйлері мен қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p>қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.</p> <p>қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету;</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды; 2) қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды;
<p>Музыка 2 сағат</p>	<p>Музыкалық шығармалардың жанларын ажыратуға (ән, күй, марш, би)</p> <p>үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды,</p> <p>музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p>

Қараша айы
«Дене шынықтыру»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	«Менің үйім»	1	4.11
2	«Күшті, батыл және үлкен боламын!»	1	6.11
3	«Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру» (таза ауада)	1	8.11
4	«Мерген болғым келеді»	1	11.11
5	«Әкем, анам және мен!»	1	13.11
6	«Отбасымызбен бірге жаттығамыз»	1	15.11
7	«Отбасылық альбом»	1	18.11
8	«Хоккей ойнап үйренеміз!» (таза ауада)	1	20.11
9	«Тату-тәтті баламыз!»	2	22-25.11
10	«Менің көңілді добым»	2	27-29.11

«Сөйлеуді дамыту»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Күзгі жапырақтар	2	5-7.11
2	Шаштараз (Өлең)	2	12-14.11
3	Ең тәтті дүние?(Ертегі)	2	19-21.11
4	Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)	2	26-28.11

«Көркем әдебиет»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Арыстан мен тышқан	1	5.11
2	Алтын астық (Қосжан Мүсіреповтің өлеңі)	2	8-12.11
3	Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)	2	15-19.11
4	Әдептілік әлемі (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	3	22-26-29.11

«Сауат ашу негіздері»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Дыбыстық талдау	1	4.11
2	Дыбыстық талдау	1	6.11
3	Дыбыстық талдау	1	7.11
4	Дыбыстық талдау	1	11.11
5	Дыбыстық талдау	1	13.11
6	Дыбыстық талдау	1	14.11
7	Дыбыстық талдау	1	18.11
8	Сөздерді буынға бөлеміз	1	20.11
9	Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу	2	21-25.11
10	Дыбыстың сөздегі орны	2	27-28.11

«Қазақ тілі»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Менің отаным	1	7.11
2	Мемлекеттік рәміздер	1	8.11
3	Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан	1	14.11
4	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны	1	15.11
5	Әсем қала – Алматы	1	21.11
6	Қыс қызығы	1	22.11
7	«Қолғап» ертегісі	2	27-28.11

«Математика негіздері»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Заттардың өлшемі бойынша салыстыру	2	4-5.11
2	Ұзындық.Шартты өлшеуішті пайдаланып,заттардың ұзындығы бойынша салыстыру	2	5-7-11.11
3	Дөңгелек,шаршы, тіктөртбұрыш,үшбұрыш	2	12-14.11
4	Дөңгелек және сопақша	2	18-19.11
5	Шар, текше, цилиндр	2	21-25.11
6	Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең	2	26.28.11

«Қоршаған ортамен таныстыру»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Тұрмыстық техника және оның қажеттілігі	2	4-6.11
2	Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктері	2	11-13.11
3	Жаяу жүргіншілер ережесі	2	18-20.11
4	Менің мекен-жайым	2	25-27.11

**«Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті»
(Құрастыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру)**

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	Теңіз асты патшалығы	1	5.11
2	Құмырадағы гүлдер	1	12.11
3	Бөлме өсімдігі	1	19.11
4	Ас үй патшалығы	1	26.11

«Музыка»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	Сабантойды тойлаймыз	1	6-8.11
2	«Елтаңбасы елімнің	3	13-15.11
3	«Гүлдене бер, Нұр-Сұлтан»	2	20-22.11
4	«Жомарт өлкем»	1	27-29.11